

"Мир" мемлекетаралық телерадиокомпаниясымен өзара қатынасты реттеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 899

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 қыркүйектегі N 2452 U952452_ Жарлығымен бекітілген 1993 жылғы 24 желтоқсандағы "Мир" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының жұмысын кедергісіз және тәуелсіз жүзеге асырудың халықаралық-құқықтық кепілдіктері туралы келісімге сәйкес "Мир" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының Қазақстан Республикасындағы қызметін одан әрі қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті, Салық комитеті және Салық полициясы комитеті 1993 жылғы 24 желтоқсандағы "Мир" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының жұмысын кедергісіз және тәуелсіз жүзеге асырудың халықаралық-құқықтық кепілдіктері туралы келісімге және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Заң күші бар Жарлығына, сондай-ақ "Мир" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қыркүйектегі N 1170 P961170_ қаулысына сәйкес "Мир" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының 1997 жылғы 13 қазаннан бастап жанама салықтар мен кедендік баждарды төлеуші болып т а б ы л а т ы н д ы ғ ы н е с к е р с і н .

2. "Мир" мемлекетаралық телерадиокомпаниясында пайда болған 1997 жылғы 5 қарашадағы жағдай бойынша қосылған құнға салық пен кеден баждары жөніндегі берешектерге байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен Кеден комитеті:

а) бір күнтізбелік жылға қосылған құнға салынатын салыққа;
б) белгіленген тәртіпке сәйкес кеден баждарына қатысты өсім есептелместен оны төлеудің мерзімін ұзартуды қамтамасыз етсін.

Бұл ретте кестеге сәйкес:

Қазақстан Республикасына әкелінген тауарларға қосылған құнға салық пен кеден баждарына қатысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті мен ;

сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша айналымдардың қосылған құнына салық салуға қатысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетімен келісілген берешектердің сомасын кезең-кезеңмен ө т е у б е л г і л е н с і н .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті Салық комитеті

және Салық полициясы комитеті кеден және салық органдарының "Мир" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының банктік шоттарына 1997 жылғы 5 қарашадағы жағдай бойынша пайда жанама салықтар мен кеден баждары бойынша берешектерін алуға инкассалық тапсырмаларын (өкімдерін) кері қайтарып алуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасының "Мир" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының жарғылық капиталындағы үлесіне теңбе-тең Қазақстан Республикасының "Мир" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының ағымдағы жедел өндірістік қызметін қаржыландыруға арналған үлестік жарнасының нақты және уақытылы әрі "1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 9 желтоқсандағы Заңына сәйкес аударылуына бақылау жасауды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі